

## "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 232 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 қазанда № 5974 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 160 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 16.05.2016 № 160 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Өтеулин*

Таран ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы 29 қыркүйектегі  
№ 232 қаулысымен  
бекітілген

## **"Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

1. Жалпы ережелер
  1. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ауыл әкімінің қызметін ақпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
  2. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мертаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен әкімінің шешімдері мен өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111716, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Таран ауданы, Юбилейное ауылы, Мира көшесі, 18 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

**2. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты"**  
мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері,  
функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ауыл әкімінің қызметін талдау түрғысынан, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету болып табылады.

15. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін, конституциялық құрылышын қорғау және нығайту, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын өмірге енгізу;

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын іске асыру, мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру және елдегі әлеуметтік және экономикалық процестерді басқару;

3) қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың конституциялық қағидаларын өмірге енгізу, мемлекеттік өмірінің неғұрлым маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу;

4) заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, азаматтардың құқықтық сана деңгейін және еліміздің қоғамдық–саяси өміріндегі, олардың азаматтық белсенді көзқарасын арттыру бойынша шараларды жүзеге асыру;

5) қоғамдық ұйымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс–қимыл жасау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

1) ақпараттарды жинауды, өндеуді жүзеге асыру және ауыл әкімін әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелер бойынша ақпараттық–талдау материалдармен қамтамасыз ету;

2) Президент жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты түсіндіру;

3) әкімнің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауды қамтамасыз ету, нормативтік құқықтық актілерді жариялау;

4) "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жай–күйіне және орындаушылық тәртібіне талдау жүргізу;

5) "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын жоспарлау, кеңестерді, семинарларды, құқықтық жалпы оқытуды өткізу және басқа да іс-шараларды өткізу;

6) ауыл әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларын дайындау;

7) заңнаманың сақталмағандығы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау;

8) әкімнің шығарған актілерін тіркеуді жүргізу;

9) әкімнің актілерін тиісті дәрежеде ресімдеуді және таратуды қамтамасыз ету ;

10) "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде іс

жүргізу жоспарларына сәйкес жұмысты ұйымдастыру;

- 11) қызметтік құжаттар мен азаматтардың өтініштерін қарau;
- 12) азаматтарды жеке қабылдауды ұйымдастыру;
- 13) мемлекеттік тілді кең қолдануға бағытталған шараларды қабылдау;
- 14) жұмыстың тәсілі мен әдістерін жақсарту, жаңа ақпараттық технологияны енгізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- 15) өз құзыреті шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес нотариалдық іс-әрекеттерді жүзеге асыру;
- 16) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес, жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету;
- 17) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз ету;
- 18) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
- 19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылауды жүргізу;
- 20) құзыретіне кіретін мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу жөніnde ұсыныстарды әзірлеу;
- 21) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

#### 17. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) осы Ережемен қарастырылған негізгі міндеттер мен функцияларды іске асыру үшін "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз өкілеттігі шегінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұратуға және алуға құқығы бар;
- 2) мемлекеттік органның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғаларға түсініктемелер беру;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

#### 3. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты"

мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

18. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын ауыл әкімі жүзеге асырады.

19. Ауыл әкімінің орынбасарлары жоқ.

20. Ауыл әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

21. Юбилейное ауылы әкімінің өкілеттігі:

- 1) "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда ұсынады;
- 2) "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін әзірлейді, Юбилейное ауылы әкімінің аппаратының құрылымы мен штаттық санын бекітуге аудан әкімдігіне ұсыныстар енгізеді;
- 3) "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;
- 4) заңнамада белгіленген тәртіппен "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін тағайындауды, босатады және тәртіптік жауапкершілікке тартады;
- 5) "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері үшін орындауға міндетті нұсқаулар береді, шешімдер мен өкімдер шығарады;
- 6) ауыл әкімімен қабылданған шешімдер мен өкімдердің орындалуын бақылау бойынша жұмысты үйлестіреді;
- 7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кадрлармен жұмысты ұйымдастырады;
- 8) өз құзыреті шегінде қызметтік құжаттамаға қол қояды;
- 9) "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін іссапарларға жібереді;
- 10) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;
- 11) нормативтік құқықтық актілер, бағдарламалар және басқа да құжаттардың жобаларын дайындау үшін жұмыс топтарын құрады;
- 12) өз құзыреті шегінде гендерлік саясатты іске асырады;
- 13) өз құзыреті шегінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізеді;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Юбилейное ауылы әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

- 4. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты"**  
мемлекеттік мекемесінің мүлкі
22. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.  
"Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мұлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заннамада өзгеше көзделмесе, "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғанда мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты"**

мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

25. "Юбилейный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жүзеге асырылады.